

**Қазақстан Республикасының спортшылары - 2010 жылғы Ванкувердегі (Канада) ХХІ қысқы Олимпиада ойындарының жүлдегерлеріне және олардың жаттықтырушыларына төленетін біржолғы төлемдер туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 5 мамырдағы № 379 Қаулысы

«2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы Заңына, «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес және Ванкувердегі (Канада) 2010 жылғы ХХІ қысқы Олимпиада ойындарында табысты өнер көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының спортшыларын көтермелеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының спортшыларын кезекті 2010 жылғы Ванкувердегі (Канада) ХХІ қысқы Олимпиада ойындарына, 2010 жылғы Гуанчжоудағы (Қытай Халық Республикасы) 16-шы Азия ойындарына, 2011 жылғы Астана және Алматы қалаларындағы (Қазақстан Республикасы) 7-ші қысқы Азия ойындарына және 2012 жылғы Лондондағы (Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі) ХХХ Олимпиада ойындарына қатысуға даярлау жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 1059 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне осы қаулыға қосымшаға сәйкес Ванкувердегі (Канада) ХХІ қысқы Олимпиада ойындарының жүлдегерлеріне және олардың жаттықтырушыларына біржолғы төлемдерді жүзеге асыру үшін 2010 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 55822000 (елу бес миллион сегіз жүз жиырма екі мың) теңге сомасында ақшалай қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

5

м а м ы р д а ғ ы

№

3 7 9

қ а у л ы с ы н а

қосымша

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*К. Мәсімов*

Р е с п у б л и к а с ы

**Қазақстан Республикасының спортшылары - 2010 жылғы Ванкувер қаласындағы (Канада) ХХІ қысқы Олимпиада ойындарының жүлдегерлеріне және олардың жаттықтырушыларына төленетін біржолғы төлемдер**

Р/с №	Орын	Спорт түрі	Жарыс бағдарламасы	Спортшының Т.А.Ә.	2010 жылғы Ванкувер қаласындағы (Канада) ХХІ қысқы Олимпиада ойындарындағы Қазақстан Республикасының жүлдегерлеріне төленетін біржолғы төлемдер		Жаттықтырушының Т.А.Ә.	2010 жылғы Ванкувер қаласындағы (Канада) ХХІ қысқы Олимпиада ойындарындағы Қазақстан Республикасының жүлдегерлерінің жаттықтырушыларына төленетін біржолғы төлемдер		Барлығы доллармен
					доллар	теңге		доллар	теңге	
1	2 - орын	биатлон	15 км. жеке сайыс	Хрусталева Елена Владимировна	150000	22035000	Смирнов Виктор Борисович	150000	22035000	300000
2	5 - орын	биатлон	7,5 км. спринт	Хрусталева Елена Владимировна	10000	1469000	Смирнов Виктор Борисович	10000	1469000	20000
3	5 - орын	шаңғы жарысы	командалық спринт	Полторанин Алексей Юрьевич	10000	1469000	Наконечный Алексей Александрович	10000	1469000	20000
4	5 - орын	шаңғы жарысы	1600 метрге спринт	Полторанин Алексей Юрьевич	10000	1469000	Наконечный Алексей Александрович	10000	1469000	20000
5	5 - орын	шаңғы жарысы	командалық спринт	Чеботько Николай Сергеевич	10000	1469000	Васильев Виктор Петрович	10000	1469000	20000
		Жалпы:			190000	27911000		190000	27911000	380000